

*Бейсеев Ануарбек,
Оңтүстік Қазақстан облысы
ата-аналар комитетінің төрағасы,
«Ұстаз нұры –инфорум» газетінің бас редакторы*

«Отбасы мен мектеп» - бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін тең құқылы серіктестік »

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» - деген қазақтың көне сөзіне зейін қойып қарасақ, оның үлкені мәні бар. Ата-бабаларымыздың ұл мен қыз тәрбиесін назардан тыс қалдырмағанын аңғарамыз.

Қазіргі кезде бала тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған дәлел «Балалар құқығы туралы Конвенциясы», Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы заңы» және Қазақстан Республикасының қай заңдарын қарасаңызда бірінші баланың құқықтары қорғалған.

Қазіргі таңда өмір үнемі өзгеріп, қоғам үздіксіз дамып отырған шақта ақыл-ойы озық, білімі жоғары, ұлттық рұхы күшті жастарды тәрбиелеу қажеттілікті талап етеді. «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Олай болса әр ісімізді жақсы жағымен, іспен көрсету керек.» -деп жазушы педагог Ж.Аймауытов айтқандай, тәрбие әр адамның өзінен басталуы қажет.

Бүгінде бала тәрбиесіне, баланың құқықтарының сақталуына ерекше көңіл бөлінген. Оны бақылап отыратын, зерделеу жұмыстарын жүргізетіндер де аз емес. Әрине, оның бәрі жақсы, бірақ ата-аналар баласының тәрбиесіне мектептің немесе қоғамның араласқанын қалайды ма?

Бала тәрбиесіне және оның құқықтарының сақталуына кім қандай жұмыстар атқарады, осыған аз тоқталайық.

1. **Мектеп**- тәрбие жұмысының орталығы. Мектеп - өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі өте зор. Еліміздің жастары мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, автономиялық мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Міне, мектептің үлкен тәрбиелік қызметі осында.

2. **Отбасы** - бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы. Баланы дұрыс тәрбиелеу шарттары. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларын игереді. Сондықтан отбасылық өмір - жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы-

ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан, ол бала үшін ең жақын әлеуметтік орта.

3. Мектеп пен отбасының, жұртшылықтың ынтымақтастығы.

Отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ата-аналар бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланыста болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесі- отбасында, мектепте нәтижелі болуы екі жақтың ынтымақтастығына негізделеді.

Ата салты – ардақты,

Әрбір сөзі – салмақты.

Сол сөздерді ұқпасаң

Тістерсің бір күн бармақты-дегендей тәрбие барысында ұлттық салт дәстүрімізді насихаттауды назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Отбасы тәрбиесі мектеп тәрбиесімен ұштасады, бірін-бірі толықтырады. *Отбасы тәрбиесі* терең ата-аналық сүйіспеншілік пен қамқорлыққа толы болса, *мектептегі тәрбие* балалардың өзін көпшілік ортада ұстай білуді қалыптауға тәрбиелейді. Сөзімнің негізі бала тәрбиесі отбасы мен мектептің ынтымақтастығына тікелей байланысты екенін нақтылайды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасын, мүмкіндіктерін біріктіре отырып табысқа жетуге болады.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бала тәрбиелеу барысында алға қойған мақсаты да, құрған бағдарламаларыда маңызды да мәнді, тек соны жаңа заман талабына сай орындап отыру ғана қажет. «Біз тұрғызатын қоғам, арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» - деп білім саласына болашақ ұрпақты рухани- адамгершілікке тәрбиелеуге көңіл бөлуді, ал ата-аналарға ұлттық салт дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеуге бағыттады.

Тәрбие - ол киелі ұғым онымен адам тағдыры шешіледі.